


Бекітемін
ИП «Байгонузова З.Я»
«Al-Adil» бөбекжай-балабақшасы
Байгонузова З.Я.
Менгеруші: 
«11» 12 2026 ж.



Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

Тақырыбы: "Балабақшаға қош келдің! Бейімделу кезеңі қалай өтеді?"

Кіші «Ақбота» тобы

Тәрбиеші: Жумагелдиева М.А.

2026-2027 оқу жылы

Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

Тақырыбы: "Балабақшаға қош келдің! Бейімделу кезеңі қалай өтеді?"

Топ: Кіші «Ақбота» тобы

Өткізілген күні: 11 қыркүйек 2026 ж

Қатысқандар: 9

Қатыспағандар: 4

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Кіші топқа қош келдіңіздер!
2. Бейімделу кезеңі. 2-3 жастағы баланың жас ерекшелігі.
3. Балабақшаның күн тәртібі, тамақтануы.
4. Ата-аналар комитетін сайлау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша тәрбиеші Жумагелдиева М.А. сөз алды:

- Құрметті ата-аналар! Бұл - баланың алғаш рет анасынан бөлініп, ұжымға келуі. Сондықтан 1 ай бейімделу кезеңі болады. Бала жылауы мүмкін, тамақ ішпей, ұйықтамай қоюы мүмкін - бұл қалыпты жағдай.
- Өтініш: Баланы ұрысып, қорқытып, "апайға берем, апай ұрады" деп әкелмеңіз. Бала тәрбиешіні жақсы көруі керек.
- Алғашқы 2 аптада баланы сағат 10:00-11:00-ге дейін алып кетіп тұруға болады, біртіндеп үйретеміз.
- Үйден ойыншық, тамақ, дәрі алып келуге болмайды.

2-мәселе бойынша тәрбиеші түсіндірді:

- 2-3 жаста бала өз бетінше қасық ұстау, горшок сұрау, қолын жуу, қоштасу, сәлемдесу, "рахмет" айтуды үйренеді.

- Тілі енді шығып келеді. Үйде баламен көп сөйлесіңіз, "әпер" деп емес, сөзбен айтқызыңыз.

- Бала өз құрбыларымен ойнауды, бөлісуді, кезек күтуді үйренеді.

3-мәселе: Кіші топтың күн тәртібі жеңіл: таңғы ас, ойын, серуен, түскі ас, ұйқы, бесін ас. Сабақ 10-15 минуттан ғана.

4-мәселе: Ата-аналар комитеті сайланды.

ШЕШІМІ:

- Бейімделу кезеңіне түсіністікпен қарау. Баланы қорқытпай, мақтап, қолдап әкелу.
- Баланың қосымша киімдері: 2-3 іш киім, шалбар, футболка, орамал, памперс (қажет болса) салып беру міндеттелсін.
- Барлық киімге аты-жөні жазылсын. Балабақшаның ішкі тәртібі мен күн тәртібі қатаң сақталсын.
- Ата-аналар комитеті сайлансын.
- Ауырған баланы үйде емдеу, сау бала ғана әкелінуі керек.

Бекітемін
ИП «Байгонузова З.Я»
«Al-Adil» Бөбекжай-балабақшасы
Байгонузова З.Я.
Менгеруші: 
«10»  2026 ж.

Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

Тақырыбы: "Жаңа оқу жылы - жаңа белестер"
Ересек «Болашақ» тобы

Тәрбиеші: Валулина Ж.Ж.

2026-2027 оқу жылы

Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

Тақырыбы: "Жаңа оқу жылы - жаңа белестер»

Топ: Ересек «Болашақ»

Өткізілген күні: 10 қыркүйек 2026 ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: 4

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- Ата-аналармен танысу. Жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру.
- 2026-2027 оқу жылына арналған оқу жоспары және күн тәртібі.
- Ата-аналар комитетін сайлау.
- Әр түрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша меңгеруші З.Я Байгонуова сөз алды:

- Құрметті ата-аналар, жаңа оқу жылы құтты болсын!
- Биылғы оқу жылы 1 қыркүйектен басталды. Біздің «Al-Adil» бөбекжай-балабақшасының мақсаты - балаға сапалы тәрбие мен білім беру, ислами құндылықтар мен ұлттық тәрбиені ұштастыру. Биыл ересек топта 12 бала бар. Бұл топ - мектепке дейінгі соңғы саты. Биылғы жыл өте жауапты.

2-мәселе бойынша тәрбиеші Валиулина Ж.Ж. сөз сөйледі:

- Күн тәртібі: Баланы таңертең 8:00-8:30-ға дейін әкелу керек. 8:40-та таңғы жаттығу, 9:00-де сабақ басталады
- Оқу жоспары: Аптасына 5 күн, күніне 3-4 оқу іс-әрекеті болады. Олар: Тіл дамыту, Сауат ашу негіздері, Математика негіздері, Қоршаған ортамен танысу, Көркем әдебиет, Сурет

салу, Мүсіндеу, Жапсыру, Музыка, Дене шынықтыру,
Құрастыру.

3-мәселе бойынша ата-аналар комитеті сайланды:

5-мәселе бойынша ата-аналар комитеті сайланды:

ШЕШІМІ:

- 2026-2027 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.
- Ересек топтың күн тәртібі мен оқу жоспары ата-аналарға түсіндірілді, қатаң сақтау міндеттелсін.
- Балаларды мектепке даярлық жұмысына ата-аналар белсенді атсалыссын. Үйде күнде 15 минут кітап оқу, санау, жазу жаттығуларын жасау тапсырылсын.
- Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері сақталсын. Тазалық, киім үлгісі, төлемақы уақытылы болсын.
- Ата-аналар комитеті сайлансын, бірлескен жұмыс жоспары құрылсын.